

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 наурыз N 341. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.31. N 1747 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:
Мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:
(1 - т а р м а қ) .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.06.28.
N 819 қаулысымен .

2. "Қазақстан Республикасында өндірілетін акциздеуге жататын тауарларға және құмар ойындар бизнесіне арналған акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 шілдедегі N 974 P950974_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24 , 281 - б а п) қ о с ы м ш а с ы н д а ғ ы :

"Ішетін этил спирті" және "Тағамдық шикізаттан өндірілген тазартылған этил спирті (өңдеу үшін босатылған ликер-арақ бұйымдарынан, күшейтілген сусындардан, күшейтілген шырындардан, шараптардан, Қазақстан Республикасының тауар өндірушілері шығаратын бальзамнан басқа (олардың аталған өнімдері өндіруге құқығының бар екендігіне лицензиялары бар болған жағдайда)" деген жолдар мынадай редакцияда берілсін:

"Спирттің барлық түрлері (өңдеу үшін босатылған ликер-арақ бұйымдарынан, күшейтілген сусындардан, күшейтілген шырындардан, шараптардан, Қазақстан Республикасының тауар өндірушілері шығаратын бальзамнан басқа (олардың аталған өнімдерді өндіруге құқығының бар екендігіне лицензиялары бар болған жағдайда));

"Шараптар" деген жолдан кейін мынадай жолмен толықтырылсын

"Маркалы шараптар 0,15 экю/литр";

"Коньяктар" жолы бойынша "0,4" саны "0,3" санымен алмастырылсын.

3. Осы қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК